

**«АЗИЯЛЫҚ КРЕДИТ ҚОРЫ»
МИКРОҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМЫ» ЖШС**

**«АКҚ» МҚҰ» ЖШС қатысушыларының
2014 жылғы «02» желтоқсандағы
жалпы жиналысымен
БЕКІТІЛДІ**

МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ., 2014 ж.

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. ӨТІНІМ БЕРУШІНІҢ МИКРОКРЕДИТ АЛУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ	3
3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАУ ТӘРТІБІ	3
4. МИКРОКРЕДИТТІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ ЖӘНЕ БЕРУ МЕРЗІМДЕРІ.....	4
5. МИКРОКРЕДИТТІ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ ШЕКТІ ӨЛШЕМДЕРІ	4
6. БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	5
7. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	5
8. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫҢ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕСІ.....	6
9. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ТӘСІЛДЕРІ	6
10. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ҚҰПИЯСЫ.....	7
11. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУДІҢ ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАРЫ.....	8
12. ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҒДАЙЛАР	8
№1 қосымша.....	9

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы арқылы «Азиялық Кредит қоры» микроқаржылық ұйымы» (әрі қарай – «АКҚ») жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, оның ішінде АКҚ филиалдарының Микрокредиттерді беру ережелері (әрі қарай – «Ереже») белгіленеді. Ереже Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V ҚРЗ «Микроқаржылық ұйымдар туралы» (әрі қарай – «МҚҰ туралы заң») Заңына, өкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ АКҚ жарғысына сәйкес әзірленген.
- 1.2. АКҚ жеке және топтық микрокредиттер ұсынады. АКҚ микрокредиттерді беру шарттары «Кредит саясатымен», «Топқа кредит беру рәсімдері жөніндегі нұсқаулығымен» және «АКҚ жеке тұлғаларға кредит беру рәсімдері жөніндегі нұсқаулығымен» анықталады.
- 1.3. Жеке және заңды тұлғалар АКҚ Қарыз алушылары бола алады (әрі қарай – «Қарыз алушы»).
- 1.4. АКҚ ақы төленетін, қайтарылатын, жедел, қамтамасыз етілген, мақсатқа сәйкес пайдаланылған және микрокредит беру туралы шартта (әрі қарай – «Микрокредит беру туралы шарт») анықталған басқа да жағдайларда микрокредиттер береді.

2. ӨТІНІМ БЕРУШІНІҢ МИКРОКРЕДИТ АЛУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

- 2.1. Кредит маманы телефон арқылы клиенттерге кеңес береді, сондай-ақ кеңсеге келген клиенттерге де. Консультациялар мен сұхбаттар дан кейін, әлеуетті клиенттерге кредит алу мүмкіндігін қарау үшін өтімін беруге болады.
- 2.2. Кредит маманы кредит беру процестері, микрокредитке берілген өтінімді қарау мерзімдері, микрокредитті алу, қызмет көрсету және өтеумен (қайтарумен) байланысты комиссиялар және микрокредиттің басқа да шарттары туралы толық және сенімді ақпарат беруі тиіс.
- 2.3. Егер өтінім беруші (әрі қарай – «Өтінім беруші»)АКҚ микрокредит алу үшін жүгінсе, кредит маманы Өтінім берушіні АКҚ осы Микрокредиттер беру ережелерімен, АКҚ тарифтерімен, сондай-ақ осы Ережеге тіркелген №1 қосымшада көрсетілген (Өтеу кестесінің 1 және 2 жобалары) микрокредитті өтеу кестесінің нұсқаларымен таныстыру керек.
- 2.4. Өтінім беруші микрокредиттің нақты бір түрін алуға мүдделі болған жағдайда кредит маманы Өтінім берушіге микрокредит алуға өтінім беруге қажетті құжаттар тізімін беруі қажет.
- 2.5. Өтінім беруші микрокредит беру туралы шарт жасаудан бас тартуға құқылы.
- 2.6. Микрокредит алуға берілген өтінімді қарастыру процесі «Топқа кредит беру жөніндегі нұсқаулыққа» және/немесе «Жеке тұлғаға кредит беру рәсімдері жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес, Өтінім берушінің бизнес және/немесе тұрғылықты жеріне барып жүргізіледі.
- 2.7. Өтінім берушінің өтімін өкілетті кредиттік комитет немесе кредит беруге өкілеті бар АКҚ қызметкері қарастырады, сондай-ақ олар Өтінім берушінің микрокредитке өтінім беру сомасын, мерзімі мен басқа да шарттарын қайта қарауға құқылы.
- 2.8. Берілетін кредиттік өкілеттіліктердің негізгі шарттары мен шешім қабылдау рәсімдері Кредиттік саясатта анықталған.

3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Кредиттік комитет кредиттік жобаны мақұлдап, микрокредит беру туралы шешім қабылдағаннан кейін кредит маманы ҚР қолданыстағы заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Шарттар дайындайды.
- 3.2. Микрокредит беру туралы шарт және басқа да қажетті шарттар жазбаша түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.
- 3.3. Микрокредит беру туралы шартта мыналар болуы тиіс:
 - 3.3.1. микроқаржылық ұйымның атауы және Қарыз алушы – жеке тұлғаның аты-жөні (бар болған жағдайда) немесе Қарыз алушы – заңды тұлғаның атауы;
 - 3.3.2. микрокредиттің мақсаты (мақсатты микрокредит берілген жағдайда);
 - 3.3.3. берілетін микрокредиттің жалпы сомасы;

- 3.3.4. микрокредитті өтеу мерзімі;
- 3.3.5. микрокредитті өтеу тәсілі (қолма-қол және (немесе) ақша аударымы арқылы бір мезгілде не болмаса бөліп-бөліп);
- 3.3.6. микрокредит беру ережелерімен анықталған микрокредитті өтеу әдісі;
- 3.3.7. өтеу күні, және кезекті төлем көлемі көрсетілген, микрокредит пен сыйақыны өтеу сомалары, келесі өтеу күнінде микрокредит сомасының қалдықтары, сондай-ақ микрокредит беру туралы шартқа қол қойған күнгі микрокредит пен сыйақының жалпы сомасы көрсетілген, микрокредит беру туралы шартқа екі тараптың да қолы қойылған микрокредитті өтеу кестесі;
- 3.3.8. Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша (бар болған жағдайда) міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету;
- 3.3.9. микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің көлемі, оның ішінде жылдық сыйақы мөлшерлемесінің көлемі және жылдық сыйақының тиімді мөлшерлемесі (кредиттің нақты құны);
- 3.3.10. тараптардың жауапкершілігі,
- 3.3.11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де жағдайлар.
- 3.4. Мақсатты микрокредит беру туралы Шарттың міндетті талабы – микрокредит алу мақсатын, сондай-ақ оның мақсатты түрде пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін көрсету болып табылады. Топпен алатын микрокредитке микрокредит мақсатын көрсетпеуге де болады.
- 3.5. Қарыз алушы микрокредитті мақсатты түрде пайдаланбаған жағдайда микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруға, микрокредитті қайтарған күні Шарт бойынша есептелген микрокредитті пайдалануға қатысты сыйақыны төлеуге және Шартта белгіленген айыппұл санкцияларын төлеуге міндетті.
- 3.6. Кредит маманы микрокредитті өтеу кестесін қарыз алушымен келіседі.
- 3.7. Қарыз алушы Микрокредит беру шартының мәтінімен, өтеу кестесімен танысады, мақұлдаған жағдайда компанияның өкілетті қызметкерінің көзінше оған қол қояды. Егер қарыз алушы заңды тұлға болса не болмаса жеке тұлға – мөрі бар жеке кәсіпкер болса, қарыз алушының қолымен қатар Микрокредит беру туралы шарт мөрдің баспа-таңбасымен бекітіледі.
- 3.8. Егер кредиттік өнім беру шарттарында қарастырылған жағдайда Қарыз алушы кепілгерлермен/кепіл берушілермен бірге шарттарға (кепіл шарты, кредиттік желіні беру туралы шарт, кепілдік шарты және т.б.) қол қояды.
- 3.9. Кепіл мемлекеттік немесе басқаша түрде тіркелетін болса, Кепіл беруші кепіл шарттарын өкілетті мемлекеттік немесе өзге де органдарда тіркейді.
- 3.10. Кредит маманы Шарттардың бір данасын Қарыз алушыға/Кепіл берушіге/Кепілгерге табыстайды, екінші данасы кредиттік досьеде сақталады.

4. МИКРОКРЕДИТТІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ ЖӘНЕ БЕРУ МЕРЗІМДЕРІ

- 4.1. АҚҚ бір Қарыз алушыға беретін микрокредиттің шекті сомасы республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген бір айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселік көлемінен аспайды.
- 4.2. АҚҚ микрокредиттерді мынадай шекті мерзімдерге береді:
 - 4.2.1. Жеке тұлғаларға берілетін микрокредиттер – 36 айға дейін;
 - 4.2.2. Топтарға берілетін микрокредиттер – 18 айға дейін.

5. МИКРОКРЕДИТТІ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ ШЕКТІ ӨЛШЕМДЕРІ

- 5.1. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті өлшемдерін АҚҚ Аға Кредиттік комитеті микрокредит тәуекелі деңгейін және оның АҚҚ жарғысында белгіленген АҚҚ міндетіне сәйкестік деңгейін бағалау негізінде бекітеді. Аға Кредиттік комитеті жылдық тиімді мөлшерleme Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шекті мөлшерлемеден (МҚҰ туралы заң және өкілетті органның тиісті

- нормативтік құқықтық актілері) аспайтындай шекті сыйақы мөлшерлемесіне дейін азайтылатын немесе арттырылатын пайыздық мөлшерлемені қайта қарауға құқылы.
- 5.2. Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін анықтау жылдық көлемі есебінен алғанда микрокредиттің негізгі сомасына қатысты пайыздық көрсеткішпен жүргізіледі.
 - 5.3. Кредит өніміне қарай пайыздық мөлшерлеме жылдық 12%-дан 54,5%-ға дейін өзгеруі мүмкін.
 - 5.4. Микрокредит сомасы мен мерзіміне байланысты әр микрокредитке әртүрлі сыйақы мөлшерлемесі белгіленген.
 - 5.5. Микрокредит беру туралы шартта міндетті түрде [номиналды] жылдық сыйақы мөлшерлемесі де, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі де көрсетіледі, оны есептеу тәртібі өкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталады.

6. БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Қарыз алушы Микрокредитті пайдаланғаны үшін АКҚ ай сайын сыйақы төлейді.
- 6.2. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін төленетін сыйақы мөлшерлемесі Микрокредитті беру туралы шартта жылмен көрсетіледі, микрокредитті беру мерзіміне қарамайды.
- 6.3. Микрокредит бойынша сыйақы микрокредитті нақты пайдаланған күні есебінен есептеледі және 360 күнге тең күнтізбелік жыл негізінде есептеледі.
- 6.4. Қарыз алушының микрокредитті пайдаланғаны үшін есептелген сыйақы төлемі Микрокредит беру туралы шартқа тіркелетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.5. Микрокредитті өтеу үшін өтеу кестесі аннуитеттік төлемдер немесе дифференцияланған төлеу әдісі бойынша бейімделген.
- 6.6. Микрокредит бойынша кезекті төлемді өтеу мерзімінен кешіктірілген жағдайда сыйақы мерзімі кешіктірілген микрокредит сомасын нақты пайдаланған мерзім үшін төленеді.
- 6.7. Қарыз алушы негізгі қарызды қайтару және/немесе сыйақыны, Микрокредит беру туралы шартта көзделген басқа да төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда Қарыз алушы АКҚ кешіктірілген сомаға өсімақы төлейді. Өсімақы мөлшері Микрокредит беру туралы шартта анықталады, бірақ микрокредит бойынша әрбір кешіктірілген күн үшін ай сайынғы төлемнің кешіктірілген негізгі сомасының 1%-ынан аспайды.

7. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 7.1. Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес Қарыз алушының міндеттемелерін орындауы кепілдікпен, кепілмен және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қамтамасыз етіледі.
- 7.2. Жеке тұлға да, заңды тұлға да Кепілгер бола алады. Сондай-ақ кепілгер Қарыз алушының АКҚ алдындағы міндеттемелерін орындауы үшін Қарыз алушымен бірге бірдей жауапкершілікте болады. Егер кепілгерлер бірнешеу болса, АКҚ алдындағы міндеттемелер бойынша әр кепілгердің жауапкершілігі мен қарыз алушының жауапкершілігі бірдей болады.
- 7.3. Қарыз алушының өзі, сондай-ақ үшінші тұлға – жеке тұлға немесе заңды тұлға Кепіл беруші бола алады. Егер АКҚ мен Қарыз алушы арасында басқа жөнінде келісім жасалмаса, Қарыз алушы болып табылмайтын Кепіл беруші кепілгер болуға міндетті.
- 7.4. Кепілге айналымнан алынбаған немесе айналымда шектелмеген жылжымайтын және жылжымалы мүлік алынады. АКҚ МҚҰ туралы Заңда көзделген заңды тұлғалардың жарғы капиталындағы акциялар мен қатысу үлестерінен басқа кепілге заңды тұлғалардың жарғы капиталындағы акцияларды немесе қатысу үлестерін қабылдамайды.
- 7.5. АКҚ кепілді микрокредитті өтеудің екінші көзі ретінде қарастырып, кепілдің мына түрлерін қабылдайды:
 - а. Жылжымайтын мүлік:
 - ғимарат
 - жер
 - үй, пәтер

- басқа
 - b. Жылжымалы мүлік:
 - жеңіл, жүк және арнайы көлік
 - жабдық, өндіріс жабдығы
 - тауарлар мен дебиторлық қарыз
 - басқа
 - c. Бизнес арқылы өндірілген жылжымалы және жылжымайтын мүлік
 - d. Жеке мүлік.
 - e. Мал.
- 7.6. Кепілге берілетін мүлікке деген меншік құқығы заңнамамен белгіленген тәртіппен рәсімделуі тиіс.
- 7.7. Мемлекеттік немесе өзгеше тіркеуге жататын мүлік кепілі сол мүлікке деген құқықты мемлекеттік немесе өзгеше тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуі тиіс.
- 7.8. Микрокредит топқа берілген жағдайда Қарыз алушылардың топтық ынтымақтастық принципі қолданылады. Микрокредитті топ болып Қарыз алушылар Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес топ болып алған микрокредиттің барлық сомасын толық қайтаруы үшін жауапкершілікте болады.

8. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫҢ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕСІ

- 8.1. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі микроқаржылық ұйымға микрокредитті бергені, қызмет көрсеткені және өтегені (қайтарғаны) үшін төлеуге жататын комиссиялық және өзге де төлемдер болған жағдайда Қарыз алушының сыйақыдан тұратын шығындарын ескере отырып, есептелетін микрокредит бойынша сенімді, жылдық, тиімді, салыстыра есептелетін сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.
- 8.2. Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлеме көлемі өкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен анықталған шекті көлемнен аспауы тиіс.
- 8.3. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу ережесін өкілетті орган әзірлеп, бекітеді.
- 8.4. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі мына формуламен өлшенеді:

$$СЖТМ = \frac{(СЖС + ТЖС) / (ҚЖС / М)}{М} \times 12 \times 100,$$

мұндағы:

- СЖТМ – микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;
- СЖС – микрокредитті пайдаланудың барлық мерзімі үшін сыйақының жалпы сомасы;
- ТЖС – микроқаржылық ұйымның микрокредитті пайдаланудың барлық мерзімінде оны бергені, қызмет көрсеткені және өтегені (қайтарғаны) үшін алынатын комиссиялық жалпы сомасы мен өзге де төлемдері;
- ҚЖС – микрокредитті пайдаланудың барлық мерзімі ішінде қарыздың ай сайынғы қалдықтарының жалпы сомасы;
- М – микрокредитті өтеу мерзімі, аймен.

9. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

- 9.1. Микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі Қарыз алушымен келісіледі және де Өтеу кестесіне сәйкес өтеу тәртібін қоса алғанда, Микрокредит беру туралы шартта көрсетіледі.
- 9.2. Микрокредит беру туралы шарт жасағанға дейін кредит маманы Өтінім берушіге өтеудің мынадай тәсілдерімен есептелген микрокредитті өтеу кестесінің жобаларын ұсынуы тиіс (Ережелерге тіркелген №1 қосымша):
- *аннуитетті төлем тәсілі*, микрокредит бойынша қарызды өтеу - негізгі қарыз бойынша

төлемдері артып, негізгі қарыз қалған кезеңде есептелген сыйақы бойынша төлемдер кемитін, микрокредиттің барлық мерзімінде тең төлемдермен жүзеге асады. Бірінші және соңғы төлем мөлшерлері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін;

- *дифференциалды төлемдер тәсілі*, микрокредит бойынша қарызды өтеу – негізгі қарыз бойынша төлем сомалары мен негізгі қарыз қалған кезең үшін есептелген сыйақы бойынша төлемдерінің сомалары тең, төмендетілген төлемдермен жүзеге асады.

Осы әдістер негізінде өтеу мерзімін кешіктіру және т.б. тұратын аралас жеңілдік кезеңі ұсынылуы мүмкін.

10. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ҚҰПИЯСЫ

- 10.1. АҚК Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайлардан басқа жағдайларда Қарыз алушының операциялары туралы құпияларды сақтауға кепілдік береді.
- 10.2. Микрокредит беру құпиясына Қарыз алушылар, микрокредит көлемі туралы, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге де жағдайлары және микроқаржылық ұйымның операциялары туралы мәліметтер қамтылған.
- 10.3. Микрокредит беру құпиясына жойылу процесіндегі микроқаржылық ұйымның микрокредит беру туралы жасасқан шарттары туралы мәліметтер жатпайды.
- 10.4. Микрокредит беру құпиясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген микрокредиттер бойынша тек Қарыз алушыға, кредиттік бюроға, Қарыз алушының жазбаша келісімі негізінде үшінші тұлғаға, сондай-ақ осы Ережелердің 10.5-тармағында көрсетілген тұлғаларға ғана ашылуы мүмкін.
- 10.5. Қарыз алушылар, микрокредит көлемі туралы мәліметтер, Қарыз алушыға қатысты Шарттардың өзге де талаптары, АҚК жүргізген операциялар туралы мәліметтер тек мыналарға беріледі:
 - анықтау және алдын ала тергеу органдарына: олардың өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша, мөрмен расталған және прокурор рұқсат берген жазбаша сұраным негізінде;
 - соттарға: олардың өндірісіндегі істер бойынша, сот анықтамасы, қаулысы, шешімі және үкімі негізінде;
 - әділет органдары мен жеке сот орындаушыларына: олардың өндірісіндегі атқару өндірісіндегі істер бойынша, сот орындаушының сот рұқсат берген, әділет органының мөрімен расталған немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған қаулысы;
 - прокурорға: қарастырылып жатқан материал бойынша өз құзыреті шегінде тексеру өндірісі туралы қаулы негізінде;
 - салық әкімшілеу мақсатында ғана мемлекеттік табыс органдарына: тексерілетін тұлғаның салық төлеуіне байланысты сұрақтар бойынша, жарлық негізінде;
 - Қарыз алушының өкілдеріне: нотариалды түрде куәландырылған сенімхат негізінде;
 - оңалту және банкроттық саласына қатысты өкілетті органға, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған тұлғаларға қатысты банкроттық басқарушыға.
- 10.6. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда Қарыз алушы, микрокредит көлемі, қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарттың өзге де жағдайлары туралы мәліметтер осы Ережелердің 10.5-тармағында көзделген тұлғалардан басқа, жазбаша сұраным негізінде мыналарға беріледі:
 - қарыз алушының өсиетхатында көрсетілген тұлғаларға;
 - нотариустарға: олардың өндірісіндегі мұрагерлік істері бойынша, нотариустың мөрмен расталған жазбаша сұранымы негізінде. Нотариустың жазбаша сұранымына қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі тіркелуі тиіс;
 - шетелдік консулдық мекемелерге: олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша.
- 10.7. Микрокредит беру құпиясы мыналарға берілген жағдайда ашылған болып саналмайды:
 - микроқаржылық ұйымдардың кредиттік бюроға жағымсыз ақпарат беруі және кредиттік бюролардың субъектінің жүз сексен күнтізбелік күннен астам уақыт қарызын кешіктіруге қатысты кредиттік тарихы туралы жағымсыз ақпарат беруі;
 - осы микрокредит бойынша талаптар құқығын көрсетілген тұлғаға беру жағдайында микроқаржылық ұйымдардың заңды тұлғаға күмәнді және сенімсіз деп

классификацияланған және де жағымсыз мәліметтері бар микрокредитпен байланысты ақпарат беруі;

- Шарт негізінде құпиялылық туралы шартты ұстанған жағдайда АҚК үшін бағдарламалық қамтамасыз етілімді жүзеге асыратын 3 тұлғаға ақпарат беру.

11. МИКРОКРЕДИТТИ БЕРУДІҢ ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАРЫ

- 11.1. Микрокредитті беруге байланысты комиссия, сыйақы және өзге де төлемдер микрокредитті бергеннен кейін немесе беріп жатқан кезде алынады.
- 11.2. Алдын ала кеңес беру және әрі қарай құжаттарды жинау жұмысы АҚК микрокредит беру міндетін жүктемейді. АҚК себебін түсіндірмей-ақ микрокредит беруден бас тартуға құқылы.
- 11.3. Оң шешім қабылданған жағдайда микрокредитті беру барлық тиісті рәсімделген құжаттарды бергеннен кейін және Микрокредитті беру туралы шартқа және өзге де қажетті шарттарға қол қойғаннан кейін, сондай-ақ егер микрокредитті беру шарты талап еткен жағдайда кепілді тіркегеннен кейін жүзеге асырылады.
- 11.4. Микрокредиттер ҚР ұлттық валютасы теңгемен, қолма-қол, сондай-ақ микрокредитті беру туралы шарт негізінде ақша қаражатын қарыз алушының шотына аудару арқылы да беріледі.
- 11.5. Микрокредиттер ақша қаражатын Қарыз алушының екінші деңгейлі банктердегі шотына Микрокредитті беру туралы шартта көрсетілген реквизиттер бойынша ақша қаражатын аудару арқылы қолма-қол, теңгемен беріледі.
- 11.6. Микрокредитті өтеу ҚР ұлттық валютасы теңгемен ғана, Микрокредитті беру туралы шартқа тіркелген өтеу кестесіне сәйкес кассаға немесе АҚК банктік шотына төленеді.
- 11.7. АҚК микрокредитті мақсатты пайдалануды әртүрлі тәсілдермен бақылауды жүзеге асыруға құқылы, оған мүлікті қарау, растаушы құжаттарды тексеру, мәліметтерді сұрату, бизнес жүріп жатқан жерге бару енеді, сондай-ақ Қарыз алушы АҚК осылай бақылауын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге құқылы.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҒДАЙЛАР

- 12.1. Бұл Ережелер коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерге және құпия ақпаратқа жатпайды.
- 12.2. Осы Ережелердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмесі АҚК кеңселерінде, мүдделі тұлғалардың Ережелермен танысуына және шолып шығуына қолжетімді жерде орналастырылуы тиіс.

Өтеу кестесінің жобалары

Микрокредит сомасы - 300 000 теңге

Комиссиялық алым – 0 теңге

Сыйақы мөлшерлемесі – 54,50%

Микрокредит мерзімі – 12 ай

СЖТМ – 55,15%

№1 өтеу кестесінің жобасы - Аннуитет (Негізгі қарыз қалдығының сыйақысын есептеу)

Төлем саны	Негізгі қарыз қалдығы	%	Негізгі қарыз	Ай сайынғы төлем сомасы
1	280 532,66	13 613,66	19 467,34	33 081,00
2	261 454,93	14 003,27	19 077,73	33 081,00
3	239 842,97	11 469,04	21 611,96	33 081,00
4	216 920,18	10 158,21	22 922,79	33 081,00
5	194 010,89	10 171,71	22 909,29	33 081,00
6	170 027,35	9 097,46	23 983,54	33 081,00
7	144 662,00	7 715,65	25 365,35	33 081,00
8	118 145,60	6 564,60	26 516,40	33 081,00
9	90 604,62	5 540,02	27 540,98	33 081,00
10	61 772,20	4 248,58	28 832,42	33 081,00
11	31 681,23	2 990,03	30 090,97	33 081,00
12	0	1 389,74	31 681,23	33 070,97
		96 961,97	300 000	396 961,97

№2 өтеу кестесінің жобасы - Дифференциалды (Негізгі қарыз қалдығының сыйақысын есептеу)

Төлем саны	Негізгі қарыз қалдығы	%	Негізгі қарыз	Ай сайынғы төлем сомасы
1	275 000,00	13 614,00	25 000,00	38 614,00
2	250 000,00	13 727,00	25 000,00	38 727,00
3	225 000,00	10 967,00	25 000,00	35 967,00
4	200 000,00	9 530,00	25 000,00	34 530,00
5	175 000,00	9 378,00	25 000,00	34 378,00
6	150 000,00	8 206,00	25 000,00	33 206,00
7	125 000,00	6 807,00	25 000,00	31 807,00
8	100 000,00	5 672,00	25 000,00	30 672,00
9	75 000,00	4 689,00	25 000,00	29 689,00
10	50 000,00	3 517,00	25 000,00	28 517,00
11	25 000,00	2 420,00	25 000,00	27 420,00
12	0	1 097,00	25 000,00	26 097,00
		89 624	300 000	389 624